

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 қалалық емханасы»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Шымкент қаласы

21 мамыр 2025 жыл

**Хаттама № 02**

**Тақырыбы:** *«Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» семинарлық сабақ.*

**Қатысқандар:** Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері: басшының орынбасары З.Муратова, жалпы тәжірибелік бөлімінің меңгерушілері және дәрігерлер, әкімшілік шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және бөлімшелердің мейірбикелері.

**Күн тәртібінде:** Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№5 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының емхана қызметкерлерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыбында семинарлық сабақ өткізді.

«Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне егжей-тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, әйтеке бижәне тағы да басқа билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын бір тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттын басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті.


Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясатты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басылымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен күресу – жалпыға ортақ міндет деп сөз сонын баяндамашы қорытындылады.

Іс шараға қатысушылар бейне баянды көріп шығып және жемқорлыққа қатысты суреттерді қарап көріп, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айтты, сонда жемқорлықты жеңетінің көпшілік мақұлдады.

**Комплаенс офицері:**



**А.Пердебаева**